

Теледидар, радиохабары және радиобайланысы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 7 қазандағы N 1419

Теледидар, радиохабары және радиобайланысы саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету, сондай-ақ теле-радиохабары мен радиобайланысы кәсіпорындарында басқарудың құрылымын одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес объектілердің мүлкінің базасында "Қазтелерадио" теледидар, радиохабары және радиобайланысы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі кәсіпорынға, сондай-ақ "Алматы радио-теледидар хабарын беруші станциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі - АРТБС) қатысты мемлекеттік меншік құқығына субъект функциясын жүзеге асырушы мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы болып айқындалсын.

3. Кәсіпорынның негізгі міндеті - телерадио бағдарламалары мен телерадио трансляцияларын тарату жөніндегі қызмет болып айқындалсын.

4. Уәкілетті орган бір ай мерзімде кәсіпорынның жарғысын бекітсін және оны заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі агенттігімен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп және "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамның қатысуымен

екі ай мерзімде мемлекеттік басқару органдарының жүйесінде ПАТС, кіші АТС, "Алтай" радиотелефон байланысы жүйелерін одан әрі пайдаланудың орындылығы және осы жүйелердің операторларын айқындау туралы ұсынысты қарасын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1997 жылғы 7 қазандағы
N 1419 қаулысына
қосымша

"Қазтелерадио" теледидар, радиобаары және
радиобайланысы республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнына кіретін объектілердің тізбесі

1. Ақмола ОРТПЦ
2. Ақтөбе ОРТПЦ
3. Алматы ОРТПЦ мына құрамда:
 - N 5 радиоорталық
 - N 7 радиоорталық
4. Арқалық РТПЦ
5. Атырау ОРТПЦ
6. Шығыс Қазақстан ОРТПЦ
7. Жамбыл ОРТПЦ
8. Жезқазған РТПЦ
9. Батыс Қазақстан ОРТПЦ
10. Қарағанды ОРТПЦ
11. Қызылорда ОРТПЦ
12. Көкшетау РТПЦ
13. Қостанай ОРТПЦ
14. Маңғыстау ОРТПЦ
15. Павлодар ОРТПЦ
16. Солтүстік Қазақстан ОРТПЦ
17. Семей РТПЦ
18. Талдықорған РТПЦ
19. Оңтүстік Қазақстан ОРТПЦ